



Бекітілді

Ғылыми көзес шешімімен

Хаттама № 9

«29» 04 2022 ж.

PL-03-23-07

Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер  
лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже

Әзірледі

Кадрлар болімінің бастығы

(КОПЫ)

В. Верёвкина

Басылым 02

Алматы, 2022

	<b>«ҚазРесмединиверситеті» МЕББМ НУО «ҚазРосмедиуниверситет»</b>	стр. 2 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
---	--	-----------------	------------------

## Мазмұны

1.	<b>Жалпы ережелер .....</b>	<b>3</b>
2.	Конкурс туралы хабарландыру .....	5
3.	Конкурстық комиссия құру .....	6
4.	Конкурс қатысушыларының құжаттарын қабылдау және қарau.....	6
5.	Конкурсты өткізу тәртібі .....	8
6.	Шағымдану тәртібі .....	10
7.	Құқық .....	10
8.	Жауапкершілік.....	10
	Қосымша.....	11
	Өзгерістерді тіркеу парапты .....	12
	Танысу парапты.....	13
	Келісу парапты.....	14

PL-03-23-07	<b>Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже</b>	Басылым 01
-------------	---	------------



## 1. Жалпы ережелер

**1.1.** Осы «Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) білім беру қызметі туралы заңнама нормаларын іске асыру, «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі – «Университет») ғылыми-білім беру қызметіне жоғары білікті ғылыми және педагогикалық қызметкерлерді тарту және қызметкердің жеке қабілеті мен кәсіби білімін ескере отырып, оның бастамасы мен дербестігі, құқықтық және әлеуметтік қорғалуы үшін жағдайларды пайдалана отырып, тиімді кадр саясатын белгілеу, тараптардың өзара жауапкершілігін арттыру мақсатында әзірленді.

**1.2.** Осы Ереже Университеттің ресми интернет-сайтында орналастырылады.

**1.3.** Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес әзірленді және Университеттің штаттық кестесінде қарастырылған профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін және Конкурстық комиссия жұмысын айқындайды.

### 1.4. Ереже:

1.4.1) Қазақстан Республикасының Конституциясына;

1.4.2) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;

1.4.3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;

1.4.4) университет Жарғысына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

**1.5.** Университеттің штаттық кестесінде қарастырылған профессор-оқытушылар құрамына жататын педагог қызметкерлердің лауазымдарына: кафедра/курс менгерушісі, профессор, университет профессоры, қауымдастырылған профессор (доцент), университеттің қауымдастырылған профессоры (доценті), ага оқытушы және оқытушы жатады.

**1.6.** Университеттің профессор-оқытушылар құрамының жасақталуын есептеуге қойылатын бірынғай талаптарды сактау үшін саналады:

1.6.1) негізгі жұмыс орны Университет болып табылатын, толық ставкада, сондай-ақ оның бөлігінде жұмыс істейтін негізгі штаттық педагогикалық қызметкер;

1.6.2) штаттық педагогикалық қызметкер деп оқытушылық қызметті қоса атқаратын әкімшілік-басқару персоналдың (штаттық қызметкерлердің) ішкі қоса атқарушыларын түсіну қажет. Олар үшін конкурстық іріктеу жалпы негізде өтеді.

**1.7.** Конкурсқа Университетте жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін тұлғалар қатысуға құқылы.

**1.8.** Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасу конкурсына лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына (сипаттамаларына) сәйкес келетін, жоғары және/немесе жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар жіберіледі.



**1.9.** «Дене шынықтыру» кафедрасында қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ практикалық жұмыс тәжірибесі бар және осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар мамандар жіберіледі.

**1.10.** Конкурс лауазымға қойылатын біліктілік талаптарын (сипаттамаларын) ескере отырып, кандидаттың кәсіби және жеке қасиеттерінің деңгейін айқындау үшін бетпе-бет әңгімелесу формасында өткізіледі.

**1.11.** Конкурстық комиссия төрағасының шешімі бойынша конкурс әңгімелесудің бейнежазбасын ұсына отырып және дауыс беру арқылы, онлайн-әңгімелесу режимінде өткізілуі мүмкін.

**1.12.** Оқу процесін қамтамасыз ету үшін педагогикалық қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу негізінде және бүйрық шығару жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бүйрықта қызметкердің – «конкурс бойынша сайланғанға дейін» қабылданған күні және шарттың аяқталу мерзімі көрсетіледі. Конкурс бойынша сайланғанға дейін қабылданған педагогикалық қызметкерлер Университет сайтында жарияланатын конкурсқа қатысуға міндettі.

**1.13.** Зейнеткерлік жастағы тұлалар конкурстық іріктеуден жалпы негізде 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге өтеді, кейіннен олармен еңбек шарты шектеусіз жыл сайын ұзартылады.

**1.14.** Қайта сайлау конкурсына қатысу үшін өтініш берген Университет қызметкерлері болып табылатын кандидаттар әңгімелесуден өтпейді, бірақ оның кандидатурасы бойынша құжаттарды қарау кезінде Конкурстық комиссия отырысына қатыса алады. Конкурстық комиссия отырысында олардың кандидатураларын кафедра менгерушісі ұсынады.

**1.15.** Конкурс бойынша өтпейді:

1.15.1) қоса атқаратын жұмысқа қабылдау кезінде;

1.15.2) уақытша болмайтын қызметкерді алмастыру кезеңіне қабылданатындар;

1.15.3) жүкті әйелдер (жүктілік туралы анықтаманы ұсыну міндettі);

1.15.4) ПОҚ арасынан жұмыскерді оның келісімімен ауыстыру кезінде, оның ішінде Университетті немесе құрылымдық бөлімшени қайта құруға (құрылымдық бөлімше атауын өзгерту) және немесе санын (штатты) сол құрылымдық бөлімшеде атқаратын лауазымына қатысты ұқсас немесе төменгі лауазымға қысқартуға байланысты немесе еңбек шартының мерзімі аяқталғанға дейін басқа құрылымдық бөлімшеге ауыстыру кезінде.

**1.16.** Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занының 51 бабының 1 тармағына сәйкес, Университетте конкурсқа қатысуға жіберілмейтін тұлғалар:

1.16.1) медициналық қарсы көрсеткіштері бар;

1.16.2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар;

	«ҚазРесмединверситеті» МЕББМ НУО «ҚазРосмедиуниверситет»	стр. 5 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
--	---	-----------------	------------------

1.16.3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қарастырылған шектеулер негізінде;

1.16.4) заңды құшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар.

### 1.17. Мұдделі тараپтар 1-кестеде келтірілген.

#### 1-кесте – Мұдделі тараپтар, олардың қажеттіліктері мен үміттері

Мұдделі тараپ	Қажеттіліктер мен үміттер
1	2
Сыртқы аудиторлар	Сыртқы аудит жүргізуін тиімділігін арттыру
Ішкі аудиторлар	Ішкі аудит жүргізуін тиімділігін арттыру

1.18. Мәтін бойынша 2-кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады.

#### 2-кесте – Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Профессор-оқытушылар құрамы	- педагогикалық, тәрбиелік, оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыратын университет қызметкерлері.
Ғылыми қызметкер	- ғылыми қызметті жүзеге асыратын университет қызметкерлері.
Конкурстық комиссия	- университеттегі профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос орнына конкурс ұйымдастыру және өткізу үшін университет ректорының бүйрекшімен құрылатын алқалы орган.

1.19. Мәтін бойынша 3-кестеде көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады.

#### Кесте 3 - Қысқартулар

Сокращения	Термины
1	2
Университет	«Қазақстан-Ресей медициналық университеті»
ҚР ЕК	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі

1.20. Осы Ереженің иесі: кадр бөлімі.

## 2. Конкурс туралы хабарландырыу

2.1. Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына орналасуға конкурс Университет ректорының (ол уәкілеттік берген өзге де тұлғаның) өкімімен жылына кемінде 2 рет жарияланады.

2.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру Университеттің ресми интернет-сайтында орналастырылады. Конкурс құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өткізіледі.

2.3. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мыналарды қамтуы тиіс:

2.3.1) лауазымның және құрылымдық бөлімшениң атауы;

2.3.2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген Университет атауы;

2.3.3) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні;

PL-03-23-07	Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	--	------------



2.3.4) Университетте белгіленген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарымен (сипаттамаларымен) анықталатын конкурс қатысушыларына қойылатын негізгі талаптар;

2.3.5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі.

### **3. Конкурстық комиссия құру**

**3.1.** Университеттің профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның құрамы және конкурстық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу ректордың бұйрығымен бекітіледі.

**3.2.** Конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:

3.2.1) кандидаттарға конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3.2.2) конкурс қатысушылары арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3.2.3) конкурсты өткізудің әділдігінің, жариялыштығының және ашықтығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

3.2.4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

3.2.5) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

**3.3.** Конкурстық комиссия мынадай құрамада құрылады:

3.3.1) конкурстық комиссияның төрағасы-Университет проректоры;

3.3.2) Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – Университет проректоры немесе құрылымдық бөлімше басшысы;

3.3.3) конкурстық комиссияның хатшысы – Университеттің штаттық қызметкері;

3.3.4) конкурстық комиссия мүшелері Университеттің штаттық қызметкерлері қатарынан құрамы үш адамнан кем емес.

**3.4.** Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

**3.5.** комиссия конкурсты өткізудің формаларын, рәсімдерін, нақты мерзімдерін дербес айқындауды.

**3.6.** Конкурстық комиссияның хатшысы комиссияның қарауына енгізілетін материалдарды дайындауды. Комиссияның шешімі хаттама формасында ресімделеді. Хатшы комиссия қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беру рәсіміне қатысуға құқығы жоқ, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

**3.7.** Конкурстық комиссияның мүшесі отырыс күндері болмаған жағдайда (науқастануына, демалыста немесе іссапарда болуына байланысты) оны басқа біреумен алмастыруға жол берілмейді.

### **4. Конкурс қатысушыларының құжаттарын қабылдау және қарau**

**4.1.** Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар конкурс туралы хабарландыруда Университеттің ресми интернет-сайтында жарияланған



құжаттарды қабылдау аяқталатын күннен кешіктірмей еркін үлгіде өтініш береді.

**4.2. Өтінішке қоса беріледі:**

4.2.1) түйіндеме;

4.2.2) жеке күәлік көшірмесі;

4.2.3) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалары;

4.2.4) соңғы бес жыл ішінде қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

4.2.5) сертификаттау немесе тиісті мамандық бойынша санат беру туралы құжаттардың көшірмелері (клиникалық кафедралар үшін);

4.2.6) № 075У үлгідегі медициналық анықтама немесе бекітілген үлгідегі медициналық кітапша;

4.2.7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есепке алу бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

4.2.8) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;

4.2.9) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

**4.3. Жоғарыда көрсетілген 6) – 9) тармақшалар бойынша ұсынылатын анықтамалар құжаттарды тапсыру күніне дейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде болуы мүмкін.**

**4.4. Осы Ереженің тізбесіне сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну не өтініш уақтылы берілмеген жағдайда, өтінішті қабылдаудан еркін нысанда бас тарту үшін негіз болып табылады.**

**4.5. Университет қызметкерлері болып табылатын тұлғалар Университеттің ресми интернет-сайтында конкурс туралы хабарландыруда жарияланған құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей қайта сайлау конкурсына қатысу үшін еркін нысанда өтініш береді**

**4.6. Егер конкурсқа қатысушы Университеттің қызметкері болып, оның кадрлар бөлімінде құжаттары болған жағдайда (мысалы, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломның көшірмесі және т.б.) оларды қайта тапсыру талап етілмейді.**

**4.7. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдары), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.**



**4.8.** Конкурсқа қатысатын кандидаттың құжаттары алдын ала тиісті кафедраның отырысында қаралады, онда ұсынымдық сипатта қорытынды шығарады.

**4.9.** Конкурсқа қатысатын және ғылыми-педагогикалық өтілі бар кандидаттар конкурс алдындағы кезеңдегі ғылыми-педагогикалық қызметі туралы кафедра отырысында есеп береді.

**4.10.** Бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурсқа қатысатын кандидаттар кадрлар бөліміне құжаттар пакетін тапсырғанға дейін тиісті кафедраның ПОҚ, әкімшілік-басқарушылық персонал қызметкерлерінің, факультет деканының қатысуымен оқытатын пәні бойынша ашық оқу сабағын өткізуге міндетті.

**4.11.** Әрбір кандидат бойынша кафедра қорытындысы кафедра отырысының хаттамасынан үзінді түрінде Конкурстық комиссияға жіберіледі.

**4.12.** Конкурсқа қатысушылар кафедра отырысына қатысуға және олардың қалауы бойынша оның қорытындысымен танысуға құқылы.

**4.13.** Кафедра/курс менгерушісі лауазымына конкурсқа қатысатын кандидаттар Конкурстық комиссияның отырысына тиісті кафедраның/курстың үш жылға арналған стратегиялық дамуы туралы презентацияны ұсынады.

## **5. Конкурсты өткізу тәртібі**

**5.1.** Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

5.1.1) өтініштерді қарау және кандидаттардың құжаттарының сәйкестігі;

5.1.2) кафедра менгерушілерінің кандидаттарды (жанадан қабылданатындарды және жана мерзімге қайта сайланатындарды) ұсынуы;

5.1.3) жанадан қабылданған кандидаттармен әңгімелесу өткізу

5.1.4) конкурс қорытындысын шығару.

**5.2.** Лауазымдарға орналасуға кандидаттармен әңгімелесу кезеңі аяқталғаннан кейін Конкурстық комиссия ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

**5.3. Ашық дауыс беру рәсімі мыналарды қамтиды:**

5.3.1) Ашық дауыс беру кезінде Конкурстық комиссияның шешімі Конкурстық комиссия мүшелері жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Конкурстық комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссияның отырысы Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

5.3.2) Талқылау барысы мен Конкурс комиссиясының шешімі Конкурс комиссиясының тәрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

5.3.3) Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса тіркеледі.

**5.4. Жасырын дауыс беру рәсімі мыналарды қамтиды:**

PL-03-23-07	Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	---	------------

	«ҚазРесмединверситеті» МЕБМ НУО «ҚазРосмедиуниверситет»	стр. 9 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
--	--	-----------------	------------------

5.4.1) Жасырын дауыс беру кезінде Конкурстық комиссия осы Ережедегі Қосымшаға сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеніге кандидатураны енгізу туралы шешім қабылдайды.

5.4.2) Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы «келисемін» немесе «келиспеймін» деген сөздермен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп кандидат қатысқан жағдайда бірде-бір тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

5.4.3. Дауыстарды санау үшін Конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

5.4.4) Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, конкурс өткізу кезіндегі Конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады

5.4.5) Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, он қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тен болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады

5.4.6) Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы Ережені сақтай отырып қабылданса, негізгі болып табылады.

5.4.7) Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша Конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір кандидат бойынша еңбек шартын жасасу үшін «Университет ректорына ұсынылады» немесе «Университет ректорына ұсынылмайды» деген жазумен ұсынымдар дайындейды.

**5.5.** Конкурстық комиссияның нәтижелерімен оған қатысқан тұлғалар комиссия хатшысы арқылы танысуға құқылы.

**5.6.** Конкурстық комиссия қауымдастырылған профессор (донент) ғылыми атағы бар ғылым докторларын «профессор» лауазымына; ғылыми атағы жоқ ғылым докторларын - «донент» лауазымына; қауымдастырылған профессор (донент) атағы жоқ ғылым кандидаттарын /PhD докторларын / бейіні бойынша докторларды «донент» лауазымына ұсынуға құқылы.

**5.7.** Конкурстың қорытындысы бойынша хатшы хаттама ресімдейді, оған Конкурстық комиссияның Төрағасы қол кояды.

**5.8.** Еңбек шартын жасасу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Университет ректорының бүйрекі шыққаннан кейін, 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Еңбек шарты бүйректе көрсетілген мерзімге жасалады. Еңбек шарты, осы Ережеде көрсетілген тұлғалардан басқа,

PL-03-23-07	Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	--	------------

	«ҚазРесмединверситеті» МЕББМ НУО «ҚазРосмедиуниверситет»	стр. 10 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
--	---	------------------	------------------

3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге жасалады. Еңбек шартының қолданылу мерзімінің аяқталу күні 31 тамызда белгіленеді.

## **6. Шағымдану тәртібі**

**6.1.** Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурстық құжаттармен және Конкурстық комиссияның оларға қатысты бөлігіндегі шешімдерімен таныса алады.

**6.2.** Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен комиссия шешіміне шағымдануға құқылы.

## **7. Құқық**

**7.1.** Конкурсқа жарияланған педагогикалық және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдары бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мен шетел азаматтары конкурсқа қатысуға құқылы.

**7.2.** Конкурстық комиссия қатысушыларының, төрағасының және мүшелерінің осы Ережеде айқындалмаған құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

## **8. Жауапкершілік**

Конкурстық комиссия қатысушыларының, төрағасының және мүшелерінің осы Ережеде айқындалмаған жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

PL-03-23-07	Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	--	------------

## Қосымша

### Бюллетенъ

**лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін**

«Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ

Конкурстық комиссия

(№ \_\_\_\_ ректордың бұйрығымен бекітілді «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл)

Отырыс «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

Хаттама № \_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_  
 кафедра \_\_\_\_\_  
 факультет \_\_\_\_\_  
 Жарияланған бірліктер саны \_\_\_\_\_

№	Кандидаттың тегі*, аты, экесінің аты (бар болса)	Дауыс беру нәтижелері	
		Келісемін	Келіспеймін
1			
2			

\* Ескертпе:

- Тегі әлінбілік тәртіпен енгізіледі.
- Кандидатураны «Қолдау» бойынша дауыс беру нәтижелері «Келіспеймін» деген сөзді, «Қарсы» дауыс беру кезінде - «Келісемін» деген сөзді сызу арқылы көрсетіледі.
- Комиссия мүшесі «келісемін», «келіспеймін» деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралар саны жарияланған бірліктер санынан аспауға тиіс.
- Көрсетілген қағидалар бұзыла отырып толтырылған бюллетень жарамсыз деп танылады

### ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМІ

Шешім	Негіздеме	Ескертпе
Лауазымға орналасуға ұсынылмайды		
Лауазымға орналасуға ұсынылмайды		

Конкурстық комиссияның мүшелері:

№ п/ п	Т.А.Ә.	лауазымы	күні	қолы
1				
2				

	«ҚазРесмединверситеті» МЕББМ НУО «ҚазРосмедиуниверситет»	стр. 12 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
---	---	------------------	------------------

## Өзгерістерді тіркеу параграфы

№	Параграф	Өзгерістер жасалды	Күні	Аты-жөні
1	2	3	4	5

PL-03-23-07	Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	---	------------

	«ҚазРесмединверситеті» МЕББМ НУО «КазРосмедиуниверситет»	стр. 13 / 14 бет	F-DP-02-31-01-12
---	---	------------------	------------------

## Танысу парағы

№	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
1	2	3	4	5

PL-03-23-07	Профессор-окытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурсстық орналасу туралы ереже	Басылым 01
-------------	--	------------



**Келісу нараты**

Лауазымы 1	Көлө 2	Күні 3	Аты-жоні 4
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор		29.04.2022	А. Кусанова
Ғылыми және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор		29.04.22	Ж. Иманбаева
Әкімшілік-құқық болімінің бастыры		19.04.22	С. Касимова
Сана менеджмент жүйесі болімінің бас мамашы		29.04.2022	А. Бисмельдинова

Аударды / Перевел  
Тәрбие және әлеуметтік  
жұмыстар болімінің бас маманы

(көлө)

Б. Калмаханбетова